

**Кімге:** Тарбағатай ауданының әкіміне, ШҚО кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасына және ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына.

**Автор:** Каженов Мейірлан Мақсұтбекұлы, «Тарбағатай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің экономикалық саясат, жоспарлау және мемлекеттік сатып алу секторының меңгерушісі

**Күні:** 18.01.2025 жыл.

## АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

### Тарбағатай ауданы экономикасының нақты секторын, оның ішінде өнеркәсіпті дамыту.

**Кілт сөздер:** өнеркәсіп, инвестиция, инфрақұрылым, бюджет, экспорт.

**Зерттеу әдістері:** жинақтау, сұрыптау, салыстыру, салыстыра талдау (SWOT, PEST-талдау), жүйелеу, болжау, көрнекілік.

**Кіріспе.** Экономиканың нақты секторы – бұл материалдық игіліктер мен қызметтерді өндірумен, бөлумен және тұтынумен тікелей байланысты экономиканың бөлігі. Ол өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік және байланыс сияқты салаларды қамтиды. Өнеркәсіпті дамыту саласы – бұл экономиканың өндірістік әлеуетін арттыруға бағытталған қызмет түрлері мен шаралар жиынтығы. Өнеркәсіп елдің экономикалық дамуының негізі болып табылады, себебі ол материалдық игіліктерді өндіреді, инновацияларды енгізеді және халықты жұмыспен қамтамасыз етеді.

Тарбағатай ауданы 1928 жылы құрылды. 1997 жылы әкімшілік-аумақтық бөліністің өзгеруіне байланысты Тарбағатай және Ақсуат бір ауданға біріктірілді. Президент Қ.К. Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» 2022 жылғы 3 мамырдағы № 886 жарлығына сәйкес әкімшілік орталық Ақсуат ауылынан Ақжар ауылына көшірілді және Тарбағатай ауданының құрамынан бөлу жолымен Ақсуат ауданы құрылды [1]. Аудан оңтүстігінде Қытай Халық Республикасымен, сондай-ақ батысында Абай облысының Ақсуат ауданымен, шығысында – Зайсан ауданымен, солтүстігінде – Күршім ауданымен шектеседі. Аудан аумағы 10,2 мың шаршы шақырымды (облыс аумағының 3,9%) құрайды. Халық саны 2024 жылғы 1 желтоқсанына 18 480 адам [2].

Аудан ауылшаруашылық бағытына ие. Табиғи - климаттық жағдайларға және шаруашылық қызметке байланысты ауданда етті мал шаруашылығы, жылқы шаруашылығы табысты дамуда. Сонымен қатар, қазіргі таңда ауданда өнеркәсіпті дамыту мақсатында бірнеше бағытта жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі күні, аудандағы өнеркәсіптік өндіріс

құрылымында негізгі үлес тау-кен өндіру өнеркәсібіне тиесілі (*саз және каолин өндіру - бентонит*). Өнеркәсіптік өндіріс құрылымында өңдеу өнеркәсібі 36% алады. Саланың дамуына азық түлік өндірісі үлкен үлес қосады, оның ішінде ауданда балық өнімдерін өңдеу қарқынды даму үстінде.

Өнеркәсіп саласындағы проблемалық мәселелер:

- кәсіпорынның дайын және шикізат өнімдерін тасымалдау үшін жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым (*а/ж орташа жөндеу және жүктерді тасымалдау үшін темір жолдарды жүргізу, жаңа жоспарланған кәсіпорындар үшін электр қуатының жетіспеушілігі*).


Даму перспективалары:

- Ауданның өзіндік кіріс мөлшерін ұлғайту;
- Ауданда жаңа жұмыс орындарын ашу.

**Аналитикалық жазбаның мақсаты** – Тарбағатай ауданында өнеркәсіпті дамыту үшін арнайы жобалар әзірлеу арқылы инвесторларды тарту және ауданның ішкі кірісін көтеріп, халықтың тұрмыс-жағдайын жақсарту.

**Негізгі бөлім.** ҚР президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Жолдауында Тоқаев экономиканы әртараптандыру және отандық өндірісті ынталандыру бойынша бірқатар жүйелі шаралар қабылдауды тапсырды. Өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін заңнаманы жетілдіру, әкімшілік кедергілерді азайту, жеңілдетілген қаржыландыруды бөлу және отандық өндірісті ынталандырудың жаңа құралдарын енгізу қажеттігін атап өтті [1]. Осы Жолдаудың негізінде Шығыс Қазақстан облысы аудандарының 2024-2028 жылдарға арналған экономикалық өсу нүктелері бойынша 5 жылдық жоспарлары (*ары қарай – Жоба*) бекітілді.

Тарбағатай ауданында 2024 жылдың қорытындысы бойынша өзіндік кіріс мөлшері 1 млрд. 936 млн. 600,0 мың теңгені құрады. Оның ішінде тек 18%-ы өнеркәсіптерге тиесілі болып табылады.



Сурет 1. Тарбағатай ауданының өзіндік кіріс мөлшері.

Сонымен қатар, Тарбағатай ауданында 2024 жылдың қорытындысы бойынша 4 268,3 млн. теңге көлемінде өнім өндіріліп, 2023 жылмен салыстырғанда өсу қарқыны 110,3%-ды құрады. Оның ішінде, өңдеу өнеркәсібінің көлемі 1 093,2 млн. теңге.

«Тарбағатай ауданының 2024-2028 жылдарға арналған экономикалық өсу нүктелері» жоспары негізінде бірнеше бағытта жұмыстар атқарылуда. Өнеркәсіпті дамыту саласында тек ғана жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды модернизациядан өткізіп ғана қоймай, жаңа кен-орындарын ашу ашу үшін ауданымыздағы бірнеше жерде қазба-байлықтарды зерттеу, бұрғылау жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, Тұғыл ауылдық округіне қарасты Қызылқайың учаскесінде молибден-мыс өндіру комбинатын салу үшін зерттеу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Ауданда, бұдан басқа да Маңырақ, Приозерное, Нұра, Тайжүзген, Динозаврово, Таған учаскелері зерттелуде.

Алайда, ауданда өнеркәсіпті дамыту бағыты бойынша ілгерілеушілік болғанымен, бірқатар мәселелердің әлі шешімі табылмады.

1. Инфрақұрылымның жеткіліксіздігі: Ауданда ірі комбинат, заводтар салынған жағдайда, электр қуатының жетіспеушілігі. Сондай-ақ, тасымалдауға арналған автомобиль жолдарының сапасыздығы және темір жолдың болмауы.

2. Кадр мәселесі: Мамандардың жетіспеушілігі және біліктілік деңгейінің төмендігі.

3. Қаржыландырудың жеткіліксіздігі: Инвесторларды тарту үшін инфрақұрылымның сапасын арттыру үшін қаражаттың жетіспеуі.

Тақырыпты зерттеу барысында SWOT және PEST талдау жасап, мәселенің мықты және әлсіз тұстарын анықтап саяси және экономикалық жағын проблемаларына тоқтала кетсек:

**Күшті жағы.** Ауданның өзіндік кіріс мөлшерін ұлғайту. Сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы демографиялық жағдайды тұрақтандыру.

**Мүмкіндіктері.** Аудандағы жалпы ішкі өнімнің үлесін арттыру. Сонымен қатар, көршілес шет елдерге (*Қытай, Ресей*) өнімдерді экспортқа шығару мүмкіндігіміз жоғары болады.

**Әлсіз және қауіпті жақтары.** Өнеркәсіпті дамыту бойынша әлсіз немес қауіпті жағы – экология болып табылады. Сондай-ақ, маман тапшылығы мен инфрақұрылымның жетіспеушілігі.

Экономикалық жағы жаңа жұмыс орындарының ашылуы. Экспорттың ұлғайып, ел экономикасының жақсаруына оң әсерін тигізеді.

### **Қорытынды.**

Өнеркәсіпті дамыту тек аудан ғана емес, еліміздің экономикасының тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басты бағыты. Президенттің Жолдауларында бұл салаға ерекше көңіл бөлініп, өңдеуші өнеркәсіпті қолдау, жаңа технологияларды енгізу, еңбек өнімділігін арттыру және экспорттық әлеуетті күшейту міндеттері қойылып келеді.

Жалпы, өнеркәсіптің қарқынды дамуы экономиканың әртараптандырылуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және халықтың әл-ауқатының жақсаруына ықпал етеді. Осы бағытта қабылданған мемлекеттік шаралар еліміздің ұзақ мерзімді индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз етудің негізі болмақ.

**Ұсынылатын шешімдер / Ұсыныстар.** Қазақстанда өнеркәсіпті дамыту үшін инновация мен цифрландыруды кеңінен енгізу, шикізаттық тәуелділікті азайту және заманауи өндірістік қуаттарды іске қосу маңызды. Сонымен қатар, саланы қаржылық және заңнамалық тұрғыдан қолдау арқылы инвестициялық тартымдылықты арттыру қажет. Жоғарыда келтірілген мәселелерді негізге ала отырып мынадай шешімдерді ұсынамыз:

**Біріншіден,** Инфрақұрылымды дамыту және логистиканы жетілдіру: Өндірістік аймақтарда қажетті инфрақұрылымды дамыту, көлік-логистикалық жүйелерді жетілдіру арқылы өнімдерді ішкі және сыртқы нарықтарға жылдам және тиімді жеткізуге жағдай жасау.

**Екіншіден,** Мемлекеттен берілетін гранттар, «Ауыл – Аманаты», «Ақниет» т.с.с. тек ғана ауылшаруашылығы және туризмға ғана беріп қоймай, ауылдардағы шағын және жеңіл өнеркәсіп цехтарына беру жолдарын қарастыру.

**Үшіншіден,** Отандық өнімдердің халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін экспорттаушыларды қолдау бағдарламаларын дамыту, шетелдік серіктестермен байланыстарды нығайту және өнім сапасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру қажет.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Халық санағы // [https:// stat.gov.kz/](https://stat.gov.kz/)